

Егемен Қазақстан

 Egemen.kz

Астананы көшірудің астарында ұлт мүддесі тұрды



Астана дегенде, ең алдымен, барша әлем таныған, сәні мен салтанаты көз тартқан осынау сәулетті шаһардың ел тарихында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жүзеге асырған аса ауқымды бірегей жоба екенін атап айтуымыз керек.

Рас, егемендіктің алғашқы жылдарында нарықтық экономикаға көше бастағанда, ұтқанымыздан ұтылғанымыз көп болды. Өйткені бұл жолды біз таңдаған жоқпыз, біз үшін оны басқалар таңдады. Дәлірек айтсақ, дамыған капиталистік елдер, олардың нұсқауын бұлжытпай орындайтын Халықаралық валюта қоры және Дүниежүзілік банк сияқты құрылымдар. Бұрын жүріп көрмеген бұл жолға не дайындығы жоқ, не білікті мамандары жоқ, не қаржысы жоқ егемендік туын көтерген ондаған ел (Ресей бастаған) алпауыт мемлекеттер мен жоғарыда аталған халықаралық ұйымдардың ұсынысы мен өктем талабының негізінде түстік. Сондықтан оны Қазақстанның жеке өз таңдауы деп айта алмаймыз.

Сол сияқты Қазақстанның бұрынғы астаналары Орынбор, Қызылорда, Алматы да біздің халықтың өз таңдауымен бой көтермегені белгілі. Оларды таңдау және Қазақстанның бірінші басшыларын тағайындау тек Кеңес империясының, Мәскеудің құзырында болды. Осындай таңдау мен тағайындаулар біздің елдің емес, империяның мүддесін бұлжытпай орындауға көзделгенін де жақсы білеміз.

Ал астананы Алматыдан Ақмолаға көшіру туралы айтсақ, ол – Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев ұсынған, оның соңынан ерген халық қолдаған жоба. Оның стратегиялық маңызы зор, ел болашағының арқауы десек жаңылыспаймыз.

Алғашқыда астананы жаңа орынға көшіру туралы Президент ойын қолдағандар аз болды. Сол уақытта Президент басшылығымен жұмыс істеген Мемлекеттік кеңестің 1993 жылғы кезекті бір отырысы әлі есімде. Құрамында Салық Зиманов, Шерхан Мұртаза, Иван Щеголихин, Жабайхан Әбділдин, Манаш Қозыбаев, басқа да ел ағалары мен қайраткерлер бар Кеңес күн тәртібіндегі мәселелерді қарап, шешім қабылдап, тарауға айналғанда Нұрсұлтан Әбішұлы басқаларға рахметін айтып, бізден – Кеңес мүшелерінен тағы бір мәселе жөнінде пікір алмасу үшін кідіре тұруды өтінді. Біз орындарымызға қайта жайғасқанда Нұрсұлтан Әбішұлы: «Астананы Алматыдан ел ортасына – Ақмолаға ауыстыру керек деген ойым бар. Егемен еліміздің болашақ дамуын жаңа астанадан бастасақ деймін. Сіздер бұған қалай қарайсыздар» деп сұрады. Біз, кеңес мүшелері, бұрын ойға келмеген, барынша тың, елді елең еткізетін осындай соны пікірге: «Ақмоланың ауасы жақсы, бірақ ойлану керек» деген мардымсыз бір-екі сөзден артық ештеңе айта алмадық.

Осылай десек те, мынау алай-түлей басталған жаңа заманда, елімізде бір жарым жылдай жүріп жатқан нарық экономикасы оң нәтиже бермей, керісінше, экономиканы тығырыққа тіреп, халық тұрмысы күрт төмендеген тұста, қалта бос, қаржы тапшы кезде мұндай ауқымды жобаны іске асыру мүмкін емес қой. Алматы сияқты жылы орнымыздан басқа жерге көшу бұл бір орны жоқ қиял емес пе деген күдік те ойымызда тұрды. Көп ұзамай бұл соны жаңалық халыққа тарады. Ел ішінде, баспасөз беттерінде, депутаттар арасында, әртүрлі басқосуларда астана туралы қызу пікірталас басталды. Мұндай пікірталастар көпке дейін, 1997 жылдың қысында астана Алматыдан Ақмолаға көшкенге дейін жалғасты.

Алғашқыда Президент идеясын қолдағандар аз, құптамағандар көп болды. Бірақ Мемлекет басшысы өз ұстанымынан таймады. Осы жобаны өзінің терең ойластырғанын, астананы өзгерту тек бір қаланы екінші қаламен ауыстыру ғана емес, оның қазақ елінің тиімді дамуына, болашағына әсер ететінін халыққа айтып, түсіндірумен болды. Арнайы комиссия құрып, жаңа қонысқа көшіп, ол жерде оңтайлы орналасудың жобасын жасады. Елдің экономикалық дамуында, әлеуметтік, саяси, мәдени дамуда болашақ астананың орнын анықтайтын алғашқы жобалар жарық көрді. Жаңа астананың стратегиялық маңызы туралы насихат бір сәт те толастаған жоқ. Осындай асықпай, баянды түрде жасалған

жұмыс оң нәтижесін берді, жобаны қалың бұқара қолдады. Сондықтан бүгінгі Қазақ елінің Астанасы егемен халықтың өзі таңдаған, Елбасының өзі ұсынған стратегиялық жоба деп айтуымызға толық негіз бар.

Өз астанасын бір жерден екінші жерге, бір қаладан екінші қалаға көшіру әлем елдерінде, мемлекеттер тарихында бар құбылыс. Бұл бір ғана топқа немесе бір аумаққа ғана қатысты іс емес, тұтас бір елге, бір халыққа тікелей қатысты болғандықтан, осындай көшіп-қонудың астарында, оның негізгі себебі болып ұлт мүддесі тұрады. Елдің ордасын сырттан төнетін қауіптен сақтау мақсатымен, тұрмысқа қолайлы немесе суы мол өзен, теңіз жағаларына көшіру әлемде кішігірім де, үлкен де астаналардың тарихында бар.

Сол сияқты Президенттің астананы ауыстыру ұсынысының астарында егемендікті ғасырлар бойы армандап, оған жаңа ғана қолы жеткен халықтың ұзақ уақыттардан қалыптасып, бірақ осы күнге дейін дұрыс шешімін таппаған ұлттық мүддесі жатты. Атап айтсақ, ең бірінші себеп астананы еліміздің географиялық орталығына көшіру болды. Бұл тек қана егемендіктің тұсында емес, бұдан ұзағырақ бұрын ел ішінде айтылып жүрген көкейкесті мәселелердің бірі еді.

Бабаларымыздың Еуразия кеңістігінің ұлан-байтақ бір бөлігін бізге атамекен етіп қалдырып кеткенін зор мақтан етеміз, бірақ астананың елдің бір шетінде болуы оның қауіпсіздігі туралы, жалпы елдің тұтастығы туралы, ішкі жол қатынастарының тиімділігі туралы ойластыруды талап етті. Ақмола болса қазақ жерінің ғана емес, жалпы Еуразия кеңістігінің географиялық орталығы, жоғарыда айтылған талаптарға сәйкестігі немесе оларды орындауға мүмкіндігі мол елді мекен болды.

Оның еліміздің өзге өңірлерімен бірдей қашықтықта болуы мемлекеттік басқару жүйесінің жұмысына, инфрақұрылым, жол қатынастарына тиімді еді. Елде болып жатқан демографиялық өзгерістердің дұрыс бағытта шешілуіне де ықпалы мол болатын. Елбасы бір сөзінде «Қаланы (Алматыны) батыс, шығыс және оңтүстік бағытта дамытуға табиғи шектеулер көп, ол астанада құрылыс салуға тежеу болады. Алматыда сейсмикалық қауіптің жоғарылығына байланысты ондағы құрылыс құны қымбат. Алматыны одан әрі дамыта беру мемлекетке тым қымбат түседі. Ондағы мен мұндағы құрылыстың айырмашылығы 2,5 есе. Алматының экологиялық жағдайы қыл үстінде... Ақмоланың экологиясы қалыпты» деп астананы ауыстырудың басқа да себептерін айтқан болатын.

Сонымен қатар «Астананы көшіру арқылы Алматының жаңаша дамуына, қаланың екінші рет түлеуіне мүмкіндік береміз... Алматы әлі ұзақ жылдар бойы іскерлік, қаржылық, ғылыми және мәдени орталық болып, елдің күллі экономикалық және қоғамдық саяси өміріне белсенді ықпал етеді, халықтың санасына сіңіп те үлгергендей, оңтүстік астана болып қала береді» деп біздің аса көркем, бірегей мегаполисіміз Алматының орны мен болашағын айқындап беріп еді Нұрсұлтан Әбішұлы.

Ақмола болса көлік-коммуникация инфрақұрылымы біршама дамыған, Еуропа мен Азияның жылдан жылға өсіп келе жатқан экономикалық байланысының, бір-бірімен тауар алмасуының алтын көпірі болуға толық мүмкіндігі бар қала. Сонымен қатар астананың республика орталығында болуы еліміздің өндіргіш күштерін барынша тиімді дамытуға, осы саладағы сынаржақтықты еңсеруге, кейбір жерлерде орын алған жұмыссыздықпен күресуге, астана төңірегінде жаңа технологиялық өндірістерді, әсіресе ауылға керек машина жасау өндірісін табиғи түрде дамытуға мол мүмкіндік береді.

Осы айтылған жағдайлар оларды халыққа баянды түрде түсіндіруімен қатар, Астанаға көшіру туралы құрылған мемлекеттік комиссияның тиянақты жасаған жоба, іс-шараларының арқауы болды. 1997 жылы көшіп келген сәттен Астанада өте қызу құрылыс жұмыстары басталды. Тұрғын үйлер, әкімшілік ғимараттар, қаланың оң және сол жағалауын қосатын бірнеше көпір салу, оң жағалаудағы үйлерді күрделі жөндеуден өткізу, көшелерін асфальттау, тағы басқа сан қилы құрылыстар мен абаттандыру істері көп ұзамай-ақ шаһардың ажарын аша бастады. Өткен 20 жылдың ішінде тұрғын үй құрылысына 1 трлн 600 млрд теңге жұмсалып, жалпы саны 180 мың пәтерді құрайтын 1265 көп пәтерлі тұрғын үй бой көтеріп, астаналықтарға берілген екен. Тек соңғы бес жылда Астанада 9,0 млн шаршы метр тұрғын үй салынып, яғни 300 мың адам тұратын жаңа шағын аудан немесе облыс орталығына пара-пар жаңа бір елді мекен дүниеге келді деп айта аламыз. Бұл жаңа Астанада жасалған өте ауқымды, жігерлі істердің бір көрінісі.

Астана – қай елде болса да мемлекеттің басшылық орталығы. Ол да заман талабына, басқару жүйесінің тиімді жұмыс істеу талабына сай болуы керек. Бәріміз Ақорда деп құрметпен атаған ел Президентінің жұмыс орны. Қазақстан Парламенті ғимараттары, Жоғарғы сот, Үкімет үйі бұлар көз тартатын, жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларымен жабдықталған, сонымен Астананың ажарлы бет-пердесіне өз үлесін қосқан ғимараттар.

Солармен қатар Астана көшінің алғашқы жылдарында салынған теңдесіз ғимараттар мұнда халықаралық дәрежедегі, не болмаса республикалық ауқымы үлкен жиындарды сапалы түрде өткізуге мүмкіндік тудырып, бұрын Парижде, Лондонда, Нью-Йоркте, басқа да әлем қалаларында өтетін халықаралық кездесулердің кейбіреуі біртіндеп Қазақ елінің Астанасына ауысып жатқанын да аңғаруға болады.

Астанаға қойылатын бірінші талап – елдің саяси орталығы болып қалыптасу. Осы міндетін де жаңа елордамыз толық атқара бастады. Бас қаламызда қабылданған шешімдерге, онда түрлі дәрежеде көтерілген мәселелерге халық әр уақытта да құлағын түруде. Елімізде жүріп жатқан сан алуан реформа осы жерден басталып, өңірлердің дамуына ықпал мен жігер қосып отыр.

2010 жылдың басында еліміз Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етті. Төраға мәртебесін алған Қазақстан 11 жыл бойы болмаған ЕҚЫҰ самитін өткізді. Оған 56 мемлекет басшылары, БҰҰ, НАТО өкілдері, барлығы 2,5 мың делегат жиылып, 1,5 мыңнан астам БАҚ өкілдері келді. Саммит жұмысының нәтижелі болғаны сондай, «Астана рухы» деген ұғым халықаралық қатынастар әлеміне тұрақты түрде енді және де осындай қатынастарға керек сенімнің, келісімге келудің, бірлікке шақырудың жаңа символына айналды.

Астана діни конфессиялар өкілдерінің бір-бірімен пікір алмасатын тұрақты алаңына айналды. Мынау ұрыс-керіс, бір-бірін түсінбеушілік әлем кеңістігінде көбейе басталған тұста берекесі тасыған бейбіт елдің үлгісін көрсетіп отырған Қазақстанға әртүрлі бітімгер топтар, халықаралық ұжымдар өкілдері кейбір елдерде болып жатқан дау жан-жалды, ұрыс-керісті тоқтатып, бітімге келу жолын іздестіру мақсатында жиі келетінін байқаймыз. Осындай кездесулердің тағы бір себебі әлемдегі сыртқы саясат саласында мәмілегерлігімен танылған Нұрсұлтан Әбішұлымен пікір алысу және де ұзақ уақыт бейбіт қалпы мен тұрақтылығын сақтап отырған Қазақстан қоғамының озық үлгісімен де танысу екенін айта кетуіміз керек.

Қай астана болса да оған сол елдің мәдени орталығы болуы жазылған. Бұрын шағын ғана мәдениет үйі, әлем түгілі республикаға белгілі шығармашылық тобы немесе

ұйымы жоқ, әсіресе біздің ұлттық болмысымызды жақсы көрсете алатын театрлары, басқа өнерпаздар ұжымы жоқ қала қазір Еуразия кеңістігінде көпке танымал, өнердің қай саласы болса да жан-жақты дамыған мәдениет орталығы болып қалыптасты. Дәл осындай қарқынды даму білім саласында да жүріп жатыр. Қазір Астана мектептерінде 143 мың бала оқиды, жыл сайын оқушылар саны 15-18 мың балалармен көбеюде.

Бір мақаламен осы 20 жыл ішіндегі жетістіктердің бәрін баяндау мүмкін емес. Астанада емханалар саны еселеп өсті, бұрын көптеген қатерлі аурулардан шетелдерге емделуге барушы едік, содан көбінің сапалы емі қазір өз Астанамызда, өз елімізде жасалады. Спорт әлемі де адам таңғалатындай өсті. Елі ішіндегі, спорт жарыстары, халықаралық спорт форумдары қазір Астанада, Алматыда өтетін болды. Жалпылай айтқанда Астананың жай-күйі, оның тұрғындарға қолайлығы жылдан-жылға өсу үстінде.

Бір кездерде Ақмоладағы ауылшаруашылық оқу орнының ректоры қызметінде мен отбасыммен осы қалада тұрғанмын. Қыс болса ЖЭО-дан жылу жетпей және жарылып кеткен құбырларды 30-35 градус аяздарда 2-3 метр жер астын қазып, тауып алып, қайта жалғап қаланың коммуналдық қызметкерлерінің, қала әкімшілігінің, тіпті тұрғындардың да берекесі кетіп жататын. Осы 20 жыл ішінде (алғашқы қысты қоспағанда) Астанада бір рет те жылуға қатысты мәселе болған жоқ. Айтуға оңай, бірақ мұның негізінде жаңадан ЖЭО салу, бұрынғы энергоблоктарды күрделі жөндеуден өткізу, осыларға керек миллиардтаған қаржы табу, бұл бір өте кешенді жұмыс болатын.

Қаланың көлік жүйесі еселеп дамыды. Назарбаев атындағы Астана әуежайы, «Нұрлы жол» темір жол вокзалы, көшелерді абаттандыру мен ішкі жол торабын ыңғайластыру көлік саласын сапалы түрде өзгертіп, озық стандарттарға біртіндеп жақындатты. Салынып жатқан жеңіл рельсті көлік жүйесі, 2019-2020 жылдары қосылады деп жобалаған Қызылордадан келетін газ құбыры қаланың ішкі байланыс жүйесін және экологиясын жақсарту үшін жасалып жатыр.

Бір кезде, қаржы тапшы мезгілде «Бар ақшаны неге астананы салуға жұмсай береміз, дамытуды талап ететін басқа қалалар мен шаруашылық салалары бар емес пе?» деген әңгімелер құлағымызға жеткен. Әрине таршылық, жетіспеушілік нені айтқызбайды. Дегенмен Президенттің тікелей араласуымен қаржыны барынша шоғырландып жұмсамасақ Астана бүгінгі сәулеті мен дәулетіне қол жеткізе алмас еді.

Бүгінгі таңда Қазақ елінің астанасы сапалы дамудың жаңа бір сатысына көтерілу қамында. Осы жаңа даму жолдарын Елбасы «ақылды қала ақылды ұлт үшін» деген бір ауыз пікірмен анықтап беріп еді. Міне, осы бағытта ауқымды, нақты іс-шаралар басталып жатыр.

Астананы дамытуға арналған барлық жобалада Нұрсұлтан Назарбаевтың қолтаңбасы бар. Мұнда салынған әрбір шағын аудан, әрбір сәулетті ғимарат Президент қолдауымен іске асты. Оған қажетті қаржы және шетел инвестициясы да Мемлекет басшысының тікелей араласуымен табылды. Елбасы ерен еңбегімен елорданың сәні мен салтанатын әлемнің мақтаулы қалаларының деңгейіне көтерді. Ал Астана арқылы қазақ елін жаһан таныды. Сөз соңында ел мерейі – Астанамыздың мерейтойымен барша халқымызды құттықтай отырып, баянды еңбегінің жемісін көріп отырған Елбасына да құтты болсын айтамыз.

Кенжеғали САҒАДИЕВ
Мемлекет және қоғам қайраткері